

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.Ә. Ахметов, Қ.Т. Қыстаубаева

В данной статье рассматриваются вопросы организации самостоятельных работ студентов и особенности балльно-рейтинговой системы обучающихся по специальности "Физическая культура и спорт".

This article describes the organization of independent work of students and especially ballno-rating system of students majoring in "Physical Culture and Sports."

Президент өз Жолдауында экономиканы нығайта отырып, дүниежүзілік, қала берді мемлекетаралық саясатты қазақстандықтардың мүддесіне қарай тиімді пайдаланып, дамыта беру керектігін айтты [1]. Біздер жаңа инновациялық технологияларды оқу, ғылым процестеріне қолдануымыз керек дейміз. Қазіргі кезде шетелдік инновацияларды өз саламызда қолдануға тырысудамыз.

Жоғары білім жүйесін кредиттік технология тәсілімен оқыту ісін қолға алып жатқан жалғыз біз ғана емеспіз. Бұрын КСРО құрамында болған елдердің бәрі де осы жүйеге көшті. Тоталитарлық кезеңдегі әміршіл әдістемемен ендігі жерде алға жылжу мүмкін емес еді. Сондықтан, қаласа да, қаламаса да Еуропа мен АҚШ-тың жоғары білім беретін әлемдік озық үлгісін қабылдауға тура келді. Осының өзінен-ақ оқытудың кредиттік технологиясы деп аталатын жүйенің пайдалы және бүкіл әлемде өзін ақтаған тиімді тәсіл екендігін аңғару қиын емес.

Кредиттік оқыту жүйесінің артықшылықтары не?. Қазақстан жоғары оқу орындарының жоғары білім туралы дипломдарын әлемдік университеттік қоғамдастықтың мойындауы. Білім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкестігі, сол арқылы қазақстандық жоғары мектептің халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу үрдісін қамтамасыз ету [2, 4]. Академиялық еркіндік және оқу бағдарламаларының көп нұсқалылығы, пәндер мен оқытушыларды таңдау мүмкіндігі. Оқу үрдісі мен жеке білім алу жолын және мамандандыруды таңдауды ұтқыр жоспарлау мүмкіндігі. Студенттерге академиялық ұтқырлықтарды қамтамасыз етумен шектелмей, сонымен қатар жаңа жағдайларға бейімдейтін икемдерді қалыптастыруға, алған білімді іс жүзінде пайдалана білуге көмек көрсету; Оқу үрдісін барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қағаз жүзінде және электронды

түрде қамтамасыз ету; Оқытудағы мәжбүрлеу әдісінен студенттің өзін білім алуға белсенділендіруге көшу. Мұнда студенттің өздік жұмысына баса назар аударылады, ол бітірушілерді «өмір бойы» оқуға дағдыландыруы керек; Студенттердің аудиторлық және өздік жұмыстарының тиімді арақатынастарын белгілеу. [3, 4]

Ал енді біздегі жағдайға келер болсақ, оқу жұмыс жоспары бойынша мысалға алып қарайтын болсақ «Гимнастика оқыту әдістемесі» пәні бойынша 2 кредит берілген, яғни 90 сағатты құрайды, оның СӨЖ берілгені 45 сағат, тең жартысы СӨЖ жоспарлаған. Алайда студенттер «балл жинақтау», «ағымдық, қорытынды бақылаудан өту»- ді өзгеше түсінікпен қабылдайтын сияқты, берілген тапсырманы толық өздігінен орындаған деп айту қиын, олардың көпшілігі ғаламтордан көшіріп алуға ғана үйренген, өздігінен ізденуді білмейді. Қазіргі кезде студенттердің «бірінші кезекте бал жинақтау, ал білім екінші кезекте» деген психологиясы қалыптасқан сияқты. Бұл тек қана «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттерінің мәселесі деп ойласаңыз қателесесіз, осы материалды даярлауда көптеген соңғы кезде жарық көрген баяндамалар, мақалалармен танысып шықтым [2,3,4,5,7], бұл бүгінде барлық мамандықтар студенттеріне тән қасиет болып отырған өзекті мәселе. Кейбір мамандықтар бойынша кітапханаларда оқулықтар жетіспейтін болар, бірақ ғаламтор бойынша барлық керекті кітаптардың электронды нұсқаларын табуға болады. Бұл жерде тек қана студенттерге кінә тағудың қажеті жоқ, олар жалпы білім беретін мектептерде 11 жыл бойы өзіндік жұмысты орындауға бейімделмеген және 11 сыныптан бастап жаппай ҰБТ-ға даярлық жүреді. ҰБТ-ға даярлықты өздігінен емес, қосымша ақы төлеп қатысуды әдет қылған. Әрине барлығына топырақ шашқалы отырғаным жоқ, бірақ көпшілігі солай емес пе?.

Бұл кезең қоғамымыздың барлық салалары бойынша жаңару жолына түсуді, инновациялық серпіліс, адам ресурсын арттыруды, әлемдік интеллектуалдық деңгейге ұмтылуды талап етеді. Мүмкін студенттердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Құдайқұловтің «Оқыту үрдісіндегі дағдарыстан шығудың жолдарын іздестірейік» мақаласында сөз болған «білім саласындағы нарық құндылығы» немесе ел басы Н. Назарбаевтің ұсынған «білім экономикасы» әдісін енгізу қажет болар [1,2]. Оқырмандарға түсініктілеу болу үшін кейбір нақты мысалдарға жүгінейік. Мысалға 2008 жылы Пекинде өткен Олимпия ойындарының 8 мәртте алтын медаль иегері 25 жастағы американдық Майкл Фелпс жетістіктері туралы әңгімелеу. Жұлдегерге өз елінде көрсетілген қошамет, сый-сыйапаттарын айтып түсіндіру. Оның осы жұлдесі үшін алған ақшалай табысын талқылау. Немесе әлемде бүгінде фитнес индустрияның дамуы, оның сұраныста екендігін және оның Маңғыстау аумағында арнайы фитнес инструкторларының жоқтың қасында екендігін ескеріп, одан түсетін пайданы есептеп көрсету арқылы ой салу пайдалы, яғни осы арлықы студенттердің қызғушылығын ояту, өзіндік ізденіске итермеулеу керек. Әлемдік жаңалық, сан алуан технология,

миллиардтаған табыс, рухани байлық... бәрі-бәрі де біліммен табылғандығына, күнде, әр сабақта студенттердің көзін жеткізіп отыруымыз тиіс. Сондай жағдайда ғана оқыту үрдісі нарықтық қоғамымыздың инновациялық дамуына ұдайы ықпал ететіндей нарықтық оқытуға айналмақ, адам қабілеті арттырыла түспек. Сабақ үстінде пәнге сәйкес әр түрлі мысалдарды келтіре отыра, олардың бойлары мен ойларында кәсіпкерлік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруымыз керек. Ондай қасиеттерге - өзіне сенушілік, тапқырлық, білімді ақшаға айналдырудың жолын үйрену, ақпараттылық, ізденушілік, ұйымдастыру-іскерлік қабілеттілігі т.б. қажет болса бәсекелестік қабілеттері де артады. Осыған орай бүгінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бағалау ерекшеліктеріне тоқталып өтсем. Бүгінде мамандықтың ерекшелігіне байланысты студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру қалай іске асуда?. Оқу жұмыс жоспарында көрсетілген «Мектептегі гимнастиканың теориялық және әдістемелік негіздері» деген пән бойынша көбінесе аты айтып тұрғандай дәріс сабағында мектептегі гимнастика сабағының ұйымдастырылуы туралы теориялық және әдістемелік нұсқаулар берілсе, ал енді практикасына келгенде біраз қиындықтар туындайды. Себебі мамандыққа оқуға келген студенттердің көпшілігі спортшылар болғанымен олардың барлығы «гимнаст» емес және бұл спорттың түрі әр бір адамның шама шарқына қарай орындалатын жаттығулардан тұрады. Немесе оларды 6-7 жастан бастап даярлау қажет. Сабақ өте күрделі, қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда үлкен өкінішке әкеп соғады. Осы қалыптасқан жағдайдан шығу мақсатында бүгінде бұл пән бойынша толық теориялық түрде қажетті барлық дәрістер өтіледі, ал практикада тек қана мектепте қолданылатын сап жаттығулары (университеттің материалдық базасына сай), бой жазу жаттығулары, емдік дене шынықтыру жаттығуларының негіздері, құралдарсыз, құралдармен орындалатын жаттығулар кешені, гигиеналық гимнастика, өрмелеу жаттығулары және оларды ұйымдастыру әдістерін қолдануды қолға алдық.

Сонымен қатар 2006 жылғы Қазақстан Республикасының білім беру мемлекеттік стандартына сай төрт курс бойы оқылатын «Спорттың таңдаған түрінен кәсіби қызметін жетілдіру» атты пәні бойынша бүгінде студенттердің өзіндік жұмыстарын қайта қарап жаңа бағытта жұмыс жасалуда. Атап айтар болсақ бұл пән бойынша әр бір спортшы студент жарысқа барып келген соң толық есеп беруі тиіс (сайыс кезін таспаға түсіреді). Бұл жерде олар өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін алға тартып топ болып талқыға салады. Жарыстан жеңіспен немесе жеңіліспен оралған жағдайда олар өздерінің техникалық, тактикалық даярлығы және қарсыластарының жіберген қателіктері, психологиялық, физиологиялық дене даярлығы туралы мәліметтер береді. Бұл жерде студенттерді өзіндік жұмыс жасауға итермелей отыра, өз ойын ашық айта білу, қарсыласының басымдылығы мен кемшіліктерін талдау, айналысындағыларға өз көзқарасын білдіру т.б. осы сияқты көптеген мәселелерді шешуге болады және бұл мамандарды

даярлаудағы өте тиімді әдіс деп білемін. Тағы бір айтарлық мәселе оқу жұмыс жоспарында көрсетілген «Адам өмірі қауіпсіздігі» атты пәні бойынша жалпы қауіпсіздік туралы сөз қозғалады, ал «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ерекшеліктері ескерілмейді. Күнделікті өмірде бұқаралық ақпараттық құралдар арқылы дене шынықтыру сабағы болсын, кәсіби спорт саласы болсын неше түрлі қайғылы оқиғалар туралы мәселелер қозғалуда. Осыған орай бұл пәнді маман оқуы тиіс деп ойламын.

Студенттің оқытушымен өзіндік жұмысында қолданылатын рөлдік ойындарға келер болса көбінесе тағы да мамандықтың ерекшелігіне қатысты өткізіледі, мысалы студенттерге әр түрлі ситуациялық жағдай жасалады, яғни «егер сіз балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің бас жаттықтырушысыз, сіз қалай жаттығуды ұйымдастырар едіңіз?» немесе «жалпы білім беретін мектептің директорысіз, жұмысты қалай ұйымдастырар едіңіз?», бұл сұрақтардың мағынасын ойланып қарар болсақ астарында көп мағына жатқанын білесіз. Осындай ситуациялық жағдайда студент өзінің армандары немесе ойындағысын ортаға салып әр түрлі мысалдар келтіре отыра жауап беруге тырысады және олардың сөз таптау, ойын ашық жеткізу, заман талабына сай қабілеттілігін арттыру т.б. сияқты қабілеттері дамыды. Сабақ барысында сонымен қатар мамандыққа қатысты түрлі спорттық және ұлттық ойындарды ұйымдастыру, төрешілік ету, басқару, есеп беру т.б. түрлі ситуациялық ойындарда қарастырылған. «Дене тәрбиесі және спорт теориясы мен әдістемесі» пәнінің СОӨЖ сабағы барысында кафедраның өзге оқытушылары сабақтарына қатыса отыра студенттердің жүрек соғысы, сабақтың моторлық тығыздылығы, оқытушының сабақты басқару әдістерін бақылай отыра өздеріне қажетті деген айла тәсілдерді үйренуде.

2010 жылы Мемлекеттік білім беру стандартының өзгеруіне байланысты оқу жұмыс жоспарында көптеген жақсы өзгерістер болды. Ғылымда теория мен практиканың бір-біріне қарама-қайшылық құбылыстары кездесетіні жасырын емес. Оған мысал дене тәрбиесі және спорттың теориясы мен әдістемесінде көрсетілгендей «ДТЖС – тың қоғамдық мағынасы - азаматтардың жұмыс жасау қабілетін арттыру, денсаулығын нығайту, Отанды қорғауға және еңбек етуге даярлау» делінген [10,11] тұжырымдамасы шын мәнінде өмір талабына сай келе бермейді, яғни спортпен кәсіби шұғылданатын спортшылардың оқуға, қоғамдық жұмыстарға қатысуға т.б. уақытының тапшылығы. Ал енді спорттың кейбір түрлері мысалы, шахмат, тоғызқұмалақ т.б. бір орында қозғалысты талап етпейтін интеллектуалды ойындар, бұларды дене тәрбиесінің құралы ретінде қарастыруға болмайды. Осы қайшылықтарды ғалымдар зерттей келе, қазіргі кезде спорт теориясының дене тәрбиесі теориясынан ажыратып қарастыруына себеп болды. [10,11]. Сол себепті ағымдағы жылы мамандықтың мемлекеттік стандарты өзгертіліп, жетілдірілген. Бүгінде бұл екі базалық пән ретінде қарастырылған. Дәл осындай жағдай мамандық бойынша білім алатын студенттердің қорытынды бақылау, яғни емтиханды

қабылдау жүйесінде де орын алып келіп еді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 01 Қараша 2011 жылғы № 506 бұйрығы бойынша өзгерді.

Студенттердің білімін бағалау яғни балдық рейтингтік жүйесі мамандықтың ерекшелігін ескере отыра жасақталды. Заманға сай білім беру қызметінің өзгеруіне байланысты қазіргі кезде студенттердің өзіндік жұмысына көп көңіл бөлінуде және ол тек қана теориялық білім алуға бағытталған, ал практика жүзінде жүргізілетін дене шынықтыру- спорттық пәндер мақсатыдағы қимыл дағдыларын қалыптастыру бүгінде жеткіліксіз болып отыр. Мамандықтың спецификалық ерекшелігін ескеретін болсақ дене шынықтыру-спорттық пәндерді игеру үшін тек қана теориялық материалдарды біліп қоймай, сондай-ақ студент өз бетімен практикада қолданылатын қимыл дағдыларын өз бетінше орындай алуы да керек, яғни өзі таңдаған спорт түрінен қосымша практикалық дағдыларды игеруі тиіс. Осы жағдайды ескере отыра қорытынды бақылауға – жазбаша және ауызша емтихан қабылдау әдісі таңдап алдынды. Мысалы «Волейбол оқыту әдістемесі» атты пәні бойынша теориялық бөлімінде спорт тарихын, оның үйрету әдістерін, ережелерін, төрешілік етуді т.б. оқиды ал тәжірибе жүзінде «допты беру, қабылдау, қорғану, шабуылдау, команданың техникалық және тактикалық даярлықтарын» көрсете білуі тиіс. Сондықтан бүгінде емтихандар билеттік жүйе бойынша қабылдануда. Емтихан сұрақтарының екеуі теориялық негзінде, ал бірі практика жүзінде спорттық залда қабылданады. Сонымен қатар мамандықтың барлық курсына қарастырылған «Дене тәрбиесі» пәніне кредит бөлінбеген, бірақ осы пәнді 100 минуттан өткізіп, қазіргі кездегі талаптарға сәйкестендіріп олардың бақылау нормативтерін қайта жасақтап, балдық- рейтингтік жүйесі жасалуда.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 27 қаңтар
2. Е.У. Медеуов Кредиттік оқыту жүйесі: өту өту қиыншылықтары И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
3. С.М. Өмірбаев Кредиттік оқыту жүйесі: принциптер мен концепциялардың маңызы. Білім Алматы — 2006 ж. № (29) Ғылыми-педагогикалық журнал
4. С.М. Өмірбаев Білім. Алматы. — 2006 ж. № (29) Ғылыми-педагогикалық журнал Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж.
5. «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі» № 566 24.11.2007 ж.
6. Қаланова Ш.М., С.М. Өмірбаев Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына кредиттік оқыту технологиясын енгізу туралы. Жоғары кәсіби білімге сынақтар өлшемдерінің жүйесін енгізудің мәселесі:

- Бүкілресейлік кеңестің мағұматтары. 23 сәуір 2003 ж., Мәскеу қ., В.Н. Чистохвалова — М., 2003 ж. — 100 б.
7. Қазақстандағы кредиттік оқыту жүйесінің негізі С.Б. Әбдіғапарова, Г.К. Ахметова, С.Р. Ибатуллин, А.А. Құсаинов, Б.А. Мырзалиев, С.М. Өмірбаев; жалпы редактор
 8. Ж.А. Кулекеева, Г.Н. Гамарник, Б.С. Әбдрасилова — Алматы: Қазақ университеті, 2004. — 198 б.
 9. О.А. Цапова Кредиттік жүйе. Біліктілігін арттыру курстарының лекция материалдары «Кредиттік оқыту технологиясы»
 10. Железняк Ю.Д., Петров П.К. Основы научно-методической деятельности в физической культуре и спорте: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Академия, 2001. - 264 с.
 11. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік білім беру стандарты 2010ж.